

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Дән» бөбекжайы

Топ «Қарлығаш» кіші

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қараша 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
<u>Қараша</u>	Дене шынықтыру	<p>Жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.</p> <p>Жүгіру. Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (тіземен тіреп) еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p> <p>Секіру. еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу.</p> <p>Орнында жүру.</p>

		<p>Аяқтың өкшесін алға қою.</p> <p>Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру, домалату) жетілдіру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қор. Киім, аяқкиім.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
	Сенсорика	Өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды.
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.

	Жапсыру	Құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.
	Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау, қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.</p>
	Қоршаған ортамен танысу	<p>«Мен» бейнесі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету.</p> <p>Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге</p>

		<p>және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.</p>
--	--	--